



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Ұлттық банктің халықаралық резерві өсті

Ұлттық банктің халықаралық резерві 2022 жылғы сәуірде 33,4 млрд АҚШ долларын құрап, 0,8%-ға өсті. Бұл туралы Egemen.kz ҰБ баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлайды.



«Алтынның портфелі ұлғаюуы және Қаржы министрлігінің Ұлттық Банктегі шоттарына қаражат түсуі есебінен алтынвалюта резервтері өсті. Алтын портфелі басым қысқарты іске асыру шеңберінде алтынды сатып алуға байланысты 200 млн доллардан астам өсті. Елдің жалпы халықаралық резервтері, жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (52,5 млрд АҚШ доллары) қоса, 2022 жылғы сәуірдің соңында 85,9 млрд АҚШ долларын құрады. 2022 жылғы сәуірде ақша базасы 7,6%-ға тарылып, 9 968,0 млрд теңгені құрады», делінген хабарламада.

2022 жылғы сәуірде ақша массасы 28 984,2 млрд теңге болып, 1,8%-ға (жыл басынан бастап – 3,7%-ға) төмендеді. Ал айналымдағы қолма-қол ақша 3 106,6 млрд теңгеге дейін 1,6%-ға (жыл басынан бастап 3,6%-ға) өсті.

Қазақстанда әскери қызметшілердің зейнет жасы ұлғаяды

Бұл туралы Қорғаныс министрлігі Зейнетақы орталығының басшысы Қайыржан Бимолдин айтты, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Үкімет бекіткен ең басты норма барлық әскери қызметшілер мемлекеттік бюджет арқылы зейнетақы тағайындау жүйесіне көшті. Бұрын 2016 жылға дейін жинақтау жүйесінде болғанбыз. Бұл өте жақсы жетістік деп ойлаймын. Зейнет жасы бойынша ұзарту «Әскери қызметшілердің мәртебесі

ри қызметшінің еңбек өтіліне тікелей байланысты. Нақты айтсақ егер 25 жыл еңбек өтілі болса, әскери қызметшіге 50 пайыз зейнетақы тағайындалады. Ал 25-тен астам әр жылға 2 пайыздан қосылып отырады. Мысалы, 30 жыл еңбек өтілі бар әскери қызметшіге өзінің алып отырған жалқысының 60 пайыз зейнетақы тағайындалады», деді ол.

Қ.Бимолдин зейнетақыны көтеру «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң-



туралы» заңда қарастырылған. Биыл ол заңға өзгерістер енгізілді. Соған сәйкес, әскери қызметшінің жасын 5 жылға дейін созуға болады», деді Қ. Бимолдин.

Сондай-ақ ол әскери қызметшілердің зейнетақысы қалай есептелетінін түсіндірді.

«Зейнетақы мөлшері әске-

нің 4-бабының 4-тармағында да қарастырылғанын, өсудің нормаларын немесе пайызын қаржы жылына арналған республикалық бюджет бекітетінін айтты.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Қазақ-қырғыз байланысы нығая түседі

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров шағын форматта өткен кездесуден кейін екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қырғыз делегациясына ілтипат білдіріп, Садыр Жапаровтың екіжақты қатынастарды жаңа деңгейге көтеру жөніндегі бастамасын қолдайтынын айтты.

– Тәуелсіздік кезеңінен бері қазақ-қырғыз ынтымақтастығы барлық салада қарқынды дамып келеді. Осы байланысымыз стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында нығая түсуде. Бұған қос халыққа ортақ құндылықтардың арқасында қол жеткіздік, – деді Мемлекетіміздің басшысы.

Қазақстан Президенті шағын форматта өткен келіссөздердің нәтижесіне көңілі толатынын атап өтіп, Қырғызстан Президентінің елімізбен арадағы көпжақты серіктестікті тереңдетуге деген ниетін жоғары бағалады.

– Мен өз тарапымынан Қазақстанның қазақ-қырғыз қатынастарын достық, тату көршілік және шынайы одақтастық рухында жан-жақты нығайтудың стратегиялық бағытына берік екенін атап өткім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет-аралық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын айта келе, жоғары деңгейдегі өзара сенімді және белсенді саяси диалогқа, екі ел үкіметтерінің үйлесімді жұмысына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қырғыз көшбасшысының Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарының қорытындысы бойынша қол жеткі-

зілген уағдаластықтардың табысты жүзеге асырылып жатқанын айтты. Атап айтқанда, екі ел үкіметтері арасындағы байланыстардың жандануы, жаңғырған «Қордай – Ақ жол» өткізу бекетінің ашылуы, тұрақты гуманитарлық көмек көрсету және электр энергиясымен алмасу жөнінде сөз болды.

Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев облыстар мен өңірлер арасындағы кең ауқымды ықпалдас-тықты жолға қоюдың маңызды екенін атап өтті. Осы ретте, Президент Қазақстан мен Қырғызстан арасында бірінші Өңіраралық ынтымақтастық форумын тез арада ұйымдастырудың маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысы өзара тиімді ұсыныстарды зерделеп және перспективті жобалардың тізімін жасай отырып, инвестициялық ынтымақтастықты жандандыруға шақырды. Қырғызстанда гидроэнергетикалық нысанды, атап айтқанда Қамбар ата ГЭС-ін бірлесіп салу соның бірі болуы мүмкін.

Келіссөздер барысында су дипломатиясы, ақпараттық технология саласындағы кооперацияны нығайту мәселелері қарастырылды.

Мәдени-гуманитарлық байланыстар бауырлас екі халықтың жақындай түсуіне маңызды үлес қосады. Мемлекет басшысы Бішкек қаласының орталығында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының ескерткішін ашу жөніндегі шешімі үшін Садыр Жапаровқа алғыс білдірді. Екі ел президенттері бүгінгі келіссөздерден кейін осы монументтің салтанаты ашылу рәсіміне барады. Қасым-Жомарт Тоқаев өз кезегінде Нұр-Сұлтан қаласында Манасқа ескерткіш қойылатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның сегіз жоғары оқу орны Қырғызстанда өкілдіктерін ашуға ниет білдіріп отырғанын атап өтіп, қырғыз студенттері үшін бөлінетін квоталардың саны 50-ге дейін көбейгенін жеткізді.

Қырғызстан Президенті өз кезегінде екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын айтты.

– Мемлекеттеріміз арасында ешқандай саяси қайшылық жоқ. Ең бастысы – осы. Қырғызстан мен Қазақстан күш біріктіре отырып, екіжақты байланыстарды одан әрі нығайтуды, сондай-ақ, аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін өңіраралық және халықаралық құрылымдар аясындағы конструктивті ықпалдас-тықты қамтамасыз ететіні жөнінде айқын түсінік бар, – деді Қырғызстан президенті.

Кездесу аясында Қазақстан мен Қырғызстан көшбасшыларына «Қарасу» және «Ақ-Тілек» өткізу бекеттерінің аумағында «Алатау» индустриалды сауда-логистикалық кешені құрылысының басталғаны туралы бейнесюжет көрсетілді. Бұл нысанның салынуы арадағы делдалдардың санын азайтуға, тұтынушылар үшін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және жеткізу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров екіжақты ынтымақтастықты мейлінше жаңа деңгейге көтеруге, серіктестікті одан әрі жандандыруға және халықаралық аренадағы іс-қимылдарды үйлестіруге бағытталған бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінен.

Сауапты іс



Көпбалалы отбасы үйлі болды

Аудан орталығындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-жарты ғасырдан астам тарихы бар көне білім ордасы. Биыл аталған мектептің 2002 жылғы, яғни 20 жыл бұрынғы түлектері игі істі қолға алды. Олар мұқтаж отбасыға үй сыйлады. Оқу ордасын бітірген соң әр та-

рапта жүрген түлектер бірлесіп, көпбалалы отбасыға үйдің кілтін табыс етті. Үйдің ішін қажетті жиһазбен қамтып, мұқтаж жанның алғысын арқалады. Игі шараға қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков түлектерге алғысын жеткізді.
—Үлкен сауапты іс атқарған

мектеп түлектеріне рахметімді жеткізім келеді. Ауданымызда жақсы дәстүр жалғасып келеді. Бірнеше жылдан бері түлектердің мұқтаж отбасыға үй сыйлау үрдісі қалыптасты. Алдағы жылы да жалғасады деп сенемін,—деді аудан басшысы.

Созақ ауданының Құрметті азаматы, ауыл ақсақалы Төлеген Кәрібеков жылы лебізін жеткізді. Игі істің ұйытқысы болған Досымбек Әуелбеков сөз сөйлеп, сыныптас түлектермен ақылдаса келе баспанаға зәру отбасыға тапсыр-

ғанын атап өтті.

Гүлжанат Қыдырбаеваға берілген 4 бөлмелі үйдің жылу жүйесі, бау-бақша өсіруге арналған 20 сотық жері бар. Жолдасы екеуі 5 баланы өсіріп, отыр. Көп балалы отбасы қайырымды түлектерге алғыстарын білдірді.

«Бизнес Бастау»

Тәтті тұтынушыларға Теріскейлік төл өнім

«Алыстан арбалағанша-жақыннан дорбала» немесе «өзге ұлдарым бір төбе, Ертөстігім бір төбе» демекші теріскейліктер үшін өздері өндірген отандық төл өнімге жетер еш нәрсе жоқ. Осындай елдің аузында армандарға айналып



жүрген байыпты бастаманы басты мақсаты санаған Созақ ауылының тұрғыны Тоғжан Асқарбекқызы биыл «Бизнес Бастау» кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша грант ұтып алды. Бүгінде созақтық жерлестерінің қажетін өтеу үшін «Toqzhan cakes» кондитерлік өнімдер шығаратын орталық ашып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Сапалы өнімге тапсырыс берушілер де көп. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жақында Созақ ауылында болып, шағын кәсібін дөңгелетіп отырған Тоғжан Асқарбекқызының кондитерлік өнімімен танысты. Жоғары бағасын берді.

—Біз шағын кәсіпкерлікті дамытуға ниет білдірген тұрғындарды қашанда қолдаймыз. Өзінің кәсібін дөңгелетіп отырған Тоғжан қарындасымызға алғысымды білдіремін,—дейді аудан басшысы.

Кондитерлік өнімге ауыл тұрғындарынан, көршілес елді мекендер мен ауылдардан сұраныс көп екенін жеткізген Тоғжан Асқарбекқызы: — Әлеуметтік желіде арнайы парақшамыз бар. Кей күндері үлгере алмай кетеміз. Ең бастысы осындай жұмыс жасау өзіме ұнайды. Әрбір тұтынушы тәтті бәліштің, ыстық тоқаштар мен мерекелік торттардың дәмді екенін білдіріп алғыстарын айтқанда қуанып қаламын. Атам қазақ «алтын алма, алғыс ал!»—деген ғой. Мен үшін алғыстан асқан байлық жоқ,— дейді.

Жолдасы Малохиддин Абламидов 2021 жылы грант алған, сол уақыттан бері ауылда ағаш өңдеумен шұғылданады. Бүгінде оның ағаш өнімдеріне де сұраныс көп. Малохиддин өз шеберханасы арқылы ауылдың екі тұрғынын жұмыспен қамтып отыр.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

ТҮЛЕКТЕР ҚҰРАН КӘРІМНЕН ЖАРЫС ӨТКІЗДІ

Шолақорған ауылындағы Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебін бітіргеніне 20 жыл болған түлектер, Құран Кәрім оқудан облыстық жарыс өткізді. Орталық мешітте өткен жарысты ауданның бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов жүргізіп отырды. Жарыс шымылдығын Түркістан облысының наиб имам Қашқынбаев Бекжан Бердібайұлы ашып, жылы лебізін білдірді.

Өз сөзінде бас имам, Құран Кәрімнің қасиетіне тоқталып, ұйымдастырушы түлектерге ризашылығын жеткізді. Облыстың аудандарынан келген қатысушы қариларға сәттілік тіледі.

Жалпы, құран сайысына 20 қари қатысты. Оған білікті имамдар төрағалық етті. Үміткерлер күні бойы әуезді даусымен көпшіліктің құлағын құран үнімен тербеді. Тартысты өткен сайыста бас жүлде 150 000 теңгені созақтық қари Абай Шыңғысұлы жеңімпаз деп танылды. Сондай-ақ Кентау қаласынан келген Нұрлаев Есен екінші орын алып 100000 теңге ақшалай сыйлық табыс етілді. Үшінші орын тағы бір кентаулық қари

Әбдірахмет Дінмұхаммед 50 000 теңге сыйақы тағайындалып, оның жеңімпазы болды. Қатысушы барлық қариларға ақшалай сыйлық берілді.

Құран Кәрімнен өткен жарысты ұйымдастырушы, Асқар Сүлейменов жалпы орта мектебінің түлегі Біржан Жұмабаев: — Қасиетті құран кәрімнен жарыс өткізіп, Алла жолында жақсы бір іс істедік деген ойдамын. Алдағы уақытта бұл істі өзге азаматтар жалғап кетсе құба —құп,— дейді.

Ауданның бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов, ерекше іске ұйытқы болған азаматтарға алғысын жеткізді.

Сонымен қатар Асқар Сүлейменов мектебінің түлектері өздері оқыған мектепке кіре беріс қақпа орнатып берді. Білім ордасының әрін ашып тұрған қақпаға мектеп ұжымы үлкен ризашылығын білдірді. Наурыз айында кіші футболдан аудандық жарыс өткізіп, спортсүйір қауымның алғысын алған болатын.

«Созақ үні»-ақпарат.

Әлемді кітап арқылы таныған балалар

Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Әлемді кітап арқылы танимын» ең көп оқитын оқырмандар арасында байқау өтті.

Байқаудың мақсаты 2022 жыл- Балалар жылына орай кітапқұмар жастарға «Бір ел — бір кітап» акциясы аясында таңдалған ғалым, қазақ тіл білімінің атасы түркітанушы, публицист, педагог аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын насихаттау, оқылымын арттыру. Балалардың ой шырқылығын, білім тереңдігін кеңейте отырып, көркем сөзге және әдеби шығармашылыққа баулу. Классикалық әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін ояту, оқу мәдениетін қалыптастырып жетілдіру және кітап оқуды ілгерілетуге тарту. Ең көп кітап оқитын оқырмандарды анықтау және оларға қолдау көрсету. Аудандық байқауға ауданымыздан 7-10 жас (Аукеева Жа-

зира, Досман Кәусар, Еркінқызы Аяла, Жасұланқызы Айсаара, Күзенбай Айсаара, Қазақбай Диана, Мадиярбек Алтынбек, Оразәлі Айару, Серік Таңсұлу, Тұрсынбай Диас, Әлішер Мейіржан, Құрманғазы Мархабат, Әбдуәліқызы Зере), 11-15 жас (Аман Айару, Аманжолова Іңкәр, Әбілқасым Көркем, Берік Дидар, Біржан Нұрдаулет, Дастан Бабахан, Жансезім Серік, Жанымбай Әсемай, Есенгелді Айгерім, Маратқызы Назым, Өндірбек Айжан, Өсербай Аида, Тәжмұханбет Нұрлан, Тілеубек Ажар) аралығындағы оқырмандар қатысты.

Байқауды Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Сабыр Дүйсебекұлы ашып берді. Оқырманның шығарманы таңдау талғамына, шығарманы жатқа және мән-нәрлеп оқу шеберлігіне, көркемдік ерекшелігіне, біліміне, тіл тазалығына, сахнада өзін ұстау мәдениетіне қарай бағалайтын қазылар алқасы



ақын-журналист, Журналистер және Жазушылар Одағының мүшелері Мақсат Қарғабай, ақын, аудармашы Гүлнар Өмірбек, Тілдерді оқыту және дамыту бөлімінің қазақ тілі оқытушысы әдіскері Есенгелді Айтбек төрелік етті. Үміткер оқырмандар берілген үш кезең (1 кезең. «Сұрақ жауап» Ақын Ахмет Байтұр-

сынұлына қатысты ұяшықтар арқылы берілген сұрақтарға жауап беру. 2 кезең. «Көркем сөз — көңіл тілі»-көркем сөз оқу. 3 кезең. «Сөздің асыл болуы- ұнауынан» Ахмет Байтұрсынұлының жастарға мұра болып қалған нақыл сөздерінің жалғасын айту) бойынша сынға түсті. Байқау қорытындысы бойынша 7-10



Балалар
жылы
2022

жас аралығында бас жүлде-Серік Таңсұлу Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі, I орын — Досман Кәусар-Иманов атындағы жалпы орта мектебі, II орын—Оразәлі Айару- А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта мектебі, III орын — Еркінқызы Аяла-А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі, 11-15 жас аралығында бас жүлде Берік Дидар- А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі, I орын — Әбілқасым Көркем-Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі, II орын — Біржан Нұрдаулет- Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебі, III орын—Іңкәр Аманжолова- А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта мектебі ие болды. Бас жүлде жеңімпаздары қазан айында Түркістан қаласында өтетін облыстық байқауға жолдама алды.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Референдум—мемлекеттік маңызы бар мәселені бүкілхалықтық, жалпыхалықтық дауысқа салу болып табылады. Дүниежүзілік тарихқа зер сала қарасақ осындай демократиялық институт алғаш рет Швейцария мемлекетінде қолданылғанын

болатын.

Алдағы өтетін бұл референдум—мемлекеттің ең маңызды мәселелерін халық болып шешудің басты тетігінің бірі екендігі анық. Көзқарасымыз арқылы әрбір әрекетімізді, атқарар істерімізді, өзара ақылдаса оты-

билікті күшейтуге бағытталған. Нәтижесінде, олар қысылтаяң шақтарда өз бетінше жұмысын жалғастыруға қабілетті болады, бұрынғыдай бір адамға тәуелді болып отырмайды. Сайып келгенде, жаңа өзгертулермен толықтырулар ендіріле-

ЖАҢАРҒАН КОНСТИТУЦИЯ-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ

көруге болады.

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ата Заңға өзгерістерді бүкілхалықтық талқылауына шығаруы – ел болып қолдауға лайықты іс деп ойлаймын. Халқымен ақылдасатын биліктің аты озады демекші, бұл әрбір азаматтың жан дүниесін түлетіп, мерейін өсіріп, рухын көтереді және билікке деген сенімді арттырады. Жаңа Қазақстанды құрудың алғашқы қадамын референдумнан бастау арқылы Президент енді әр қазақстандықтың пікірін маңызды екенін айқындаған

рып, кемеліне келтіріп, жүйелі жүргізе аламыз деген үміттеміз. Мұндай плебисцит әрбір азаматқа өз ұстаным-пікірінің мемлекет үшін маңызды екенін түсінуге, әрі өзін ортақ Отанымыздың бір бөлшегі ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Кемелұлы жариялаған референдумда әрбір дауыс беретін қазақстандықтың таңдауы—біртұтас елдің Жаңа Қазақстан құруға сай болатын басты мақсатына айналады.

Ата Заңға енгізілгені отырған өзгерістер Парламентті, мәслихаттарды, жергілікті

тін жаңарған Конституциямызға сүйенеді. Осындай жаңалықтар арқылы әлемдегі дамыған, озық елдердің қатарына жақындай түсетініміз анық.

Әрбір қазақстандық азамат халқымыздың ардақ тұтар адамдық, азаматтық қасиеттерін танытып, ел Президентінің реформаларын құптап, оны талқыға салуға қызу атсалысады, референдумға белсене қатысады деген сенімдемін.

Ақылбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Созақ аудандық сотының төрағасы.

Аудан ардагерлері де атсалысады

Президентіміздің баянды да батыл қадамы арқылы, берік бастамасы арқылы жүзеге асуға ниетті Ата заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізуін қолдаймыз. Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу тәртібі «Республикалық референдум туралы» 1995 жылғы 2 қарашадағы Конституциялық заңда көрсетілген. Референдумды өткізуге азаматтар ерікті түрде қатысады әрі бұл жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және тікелей қатысу құқығына негізделеді деген сөз бізге, әсіресе, ел тыныштығы мен татулығы, ауызбіршілігі мен тұрақтылығымызды мақсат тұтқан аға буын ардагерлер тарапынан зор ықылас тудыруда.

Республикалық референдум 5 маусымда өтеді. Ол туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелеріне қатысты бейнеүндеуінде айтты. Бұл айрықша саяси маңызды шешім екені даусыз.

Референдум арқылы болатын өзгерістер бірқатар билік өкілеттілігін қайта бөлуді, мемлекетті басқаруда халықтың үлесін арттыруға жол ашады.

Қазақстанда жеке тұлғалардың, азамат-

тардың ойы, пікірі, олардың құқығы жоғары және басты болатын осындай мемлекеттік жүйе құрылайын деп жатыр. Жаңа Қазақстанда, екінші Республикада өзінің таланты бар, ойы, пікірі бар азаматтардың мақсаты болса, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, іске асырады деген сөз. Бұл жолы өтетін референдум мемлекет пен қоғам қатынасында тиімді құқықтық негіз қалыптастыратын болады. Аудан ардагерлері атынан аудан жұртшылығын, оның ішінде ардагерлерімізді бірауыздан референдумға қатысуға шақырамын. Әділетті Қазақстанды құруға әрбір жан атсалысуы қажет.

Қадірлі Отандастар, Жаңа Қазақстанның жаңа тарихын бірге жазатын, бірге шешім қабылдайтын, бірге талқылайтын сәт келді. Сондықтан референдумға бәріміз бір адамдай белсенді түрде қатысып, азаматтық позициямызды, өзімізді айтып, Қазақстан Республикасының Ата Заңын бірге жасап, бірге жазайық!

Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,
Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ел дамуына бағыттталып отыр

Ел Конституциясына енгізілетін өзгерістер жарқын болашаққа жасалған игі қадам деп түсінеміз.

Еліміздің келешегі жарқын болуы үшін қоғамдағы өзгерісті қолдауымыз керек. Сондықтан бүгінгі қоғамның бір мүшесі ретінде алдағы референдумға қатысуымыз қажет деп есептеймін.

Референдум өткізу бейжай қарайтын мәселе емес.

Президенттің мұндай бастамасын жаһандық сын қатерге толы қазіргі кезеңде елдің саяси жүйесін жедел жаңғыртуға жасалған батыл қадам деуге болады. Демек референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік беретін маңызды демократиялық тетік.

Ата Заңның бірнеше бабына енгізілетін түзетулерді

зерделейтін болсақ, демократиялық дамуға, Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған тың мемлекеттік модельді байқаймыз. Супер президенттік басқарудан бас тарту арқылы саяси жүйенің орнықтылығы үшін тепе-теңдік жүйесін құру көзделіп отыр.

Президенттің Орталық сайлау комиссиясы төрағасы мен құқық қорғау органдары басшыларының партияға мүше болуына тыйым салу да маңызды өзгерістердің бірі екендігі анық. Мұндай өзгерістер партиялар арасындағы бәсекелестік күрестің негізін қалайды.

Референдум -жай формальды түрде өтетін науқан емес, еліміздің болашақ тағдырын шешетін, мемлекетіміздің тұғырын биікте-

тетін маңызды тарихи белес. Халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдағы өткір мәселелерді жан дүниесімен сезінетін ең әуелі шығармашыл интеллигенция. Президентіміз бастаған саяси реформалар ел дамуына бағыттталып отыр. Осы себептен зиялы қауым өкілдері, өнер және мәдениет қайраткерлері халыққа референдумның мән-жайын түсіндіріп, Ата Заңымызға қандай өзгерістер ұсынылғаны туралы мән беріп, жеткізуі керек. Жаңа Қазақстан халықтың қалауымен құрылады.

Нұржамал ТӨЛЕУОВА,
«Қайрат» бала бақшасының меңгерушісі.
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Әділетті саяси реформалар халықтың қалауы

Бүкіл қазақстандықтарды дүрліктірген Қаңтар оқиғасы еліміздің әлеуметтік саласында ғана емес саяси жүйесінде де олқылықтар орын алып отырғанын көрсетті.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев телеарналарға сұхбаттар беріп, Үндеу де жасады. Халықтың алдына барлық мәселені жайып салды, елден ұсыныстар күтті. Халықпен кері байланыс орнатудың нақты қадамдарына барды. Барлық ұсыныстар мен пікірлерді електен өткізіп барып, Жолдауын жариялады.

Бұл Жолдаудың бағыты – барлық салада қоғамның бүкіл санаттарының тепе-теңдігін сақтай отырып, саяси, құқықтық жүйеде әділетті реформа жасау. Халықтың ойынан шығатын заңнамалық құрылымдық жүйені жетілдіру арқылы ғана Әділетті саяси құқықтық реформа туылауы түсінікті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы” Жолдауына талдау жасағанымда ең көп кездесетін сөздер мемлекет 67 рет, қоғам 55 рет, еліміз 45 рет, заң 44 рет, сайлау 40 рет, Қазақстан, адам, саяси сөздері 39 реттен, жүйе 35 рет қайталанды. Бұл сөздер-негізгі нысанар анықтайтын құлып ашар сөздер. Мемлекет басшысының айтқысы келгені мемлекет пен қоғамның арасындағы байланысты жақсарту, қоғамның үнін билікке жеткізіп, елімізде заңның үстемдігін қамтамасыз ету арқылы сайлау жүйесіне өзгеріс ендіру. Демек, Қазақстанда адам құқықтарын қорғау мақсатында саяси жүйе де жаңғыратын болады деген тұжырымды елге жеткізгені. Осы уақытқа дейін 1995 жылғы Ата заңымыз бүкілхалықтық референдум арқылы дүниеге келсе, содан бері уақыт талабына сәйкес, Ата Заңымыздың 64 бабына қатысты, 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 жылдарда бес рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліпті. Бұл заңдылық. Заман өзгереді, заң өзгереді деген аталы сөздің түйіні, жауабы. Оның үстіне біздің мемлекетіміз басқа батыс, шығыс елдерімен салыстырғанда анағұрлым жас мемлекет.

Қолданыстағы Конституциямыздың 33 бабына өзгеріс енгізілуі туралы мәселе өте ауқымды болғанын ескере отырып, Мемлекет Басшысы Республикалық Референдум туралы заңның 18 бабына сәйкес, референдум тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Республикалық референдум туралы заң IV-тараудан, 37 баптан тұрады. Конституциялық реформалар стратегиялық болғандықтан халықтың қолдауы аса қажет. Референдум дауыс берудің ең демократиялық түрі әрі тікелей халықтың еркін білдіреді, ел пікірімен санасудың ең жоғарғы сатысы. Референдум арқылы ұсынылып отырған Конституция-



мыздың нұсқасында ешқандай бір тармақта, не бапта Президенттің өкілеттігіне артықшылық көрсетілмеген, қайта Суперпрезиденттік басқарудан біртіндеп көшіп-қалды Парламент мәртебесін көтеру, және Президенттің жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге тыйым салыну жөнінде әділдік сипат бар.

Сайлау жүйесінде аралас жүйенің ұсынылуы ел арасында қызықшылық тудыруда. Ұсынылып отырған нұсқада «Кеңес» сөзі «Сот» сөзімен ауыстырылған. Ал, VII бөлімде Конституциялық сот құрылымы туралы толықтыру бар. Конституциялық сотқа жүгіну құқығына Бас Прокурор және Адам құқығы жөніндегі уәкіл ие болады. Сондай-ақ, 83 бапта Адам құқығы жөніндегі уәкілдің мәртебесі конституциялық заңмен айқындалады.

Жұртшылықты қызықтыратын бір мәселе—Жер мәселесі. Қолданыстағы Конституцияның 6-шы бабы 3-тармағында «жер мен оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Мемлекет халық атынан меншік иелігін жүргізуге құқылы. Жер сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» деп көрсетілген. Мемлекет басшысы өзі ой елегінен өткізген, елдің пікірін ұстын етіп, қарқынды дамуымызға арналған барлық саланы қамтитын саяси өзгерістерге тола Ата заңымыздың жаңа нұсқасын референдум арқылы қабылдауға ұсынды.

Елдің бірлігі үшін, тыныш тірлігі үшін саяси жүйедегі өзгерістерді таразылап жеті рет өлшеп бір рет кескен демекші референдум арқылы қоғамның барлық санаттарымен санасу, пікір алмасу демократияны көрсетеді. Референдум ашықтықтың, демократияның, саяси теңдікке жетудің ең биік сатысы.

Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының орынбасары, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты.

Мамырдың 16-сы, дүйсенбі күні ауданымызға Парламент мәжілісінің депутаты Дархан Мыңбай Қамзабекұлы келіп, аудандық ардагерлер үйінде зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Мақсаты 5 маусым күні өтетін Референдумды насихаттау болған кездесуге аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қабылбек Еспенбетов, ауыл қариялары мен қоғамдық кеңестің мүшелері және қоғамдық ұйымдардың өкілдері жиылыпты. Кездесуді сөз сөйлеп ашқан аудан әкімі көпшілікке сонау елордамыз Нұрсұлтан қаласынан келген қадірлі мейманды таныстырып:

Жиылған қауым, өздеріңізде білесіздер Дархан Қамзабекұлы бір кездері ауданда, облыста



дағы олардың құзырына тек бюджеттік мекемелерді ғана тексеру кіретін. Ал ендігі жерде Ұлттық Палата құрылайын деп отыр, бұл ұжым тек бюджеттік мекемелерді ғана тексерумен шектелмейді. Керісінше, мемлекеттік емес ұйымдардың барлығының қаржысын тексере алады. Сондай-ақ, кейде бір-біріне ұқсас бірнеше мемлекеттік бағдарламалар боп жатады ғой, солардың да қайсысының қаржысының қайда кеткенін білмей шатасып жататынбыз. Бұдан былай, Ұлттық Палата солардың бәрінің есебін алып, жылына екі рет Парламент алдында есеп береді. Бұл енді жаңа институт болғалы отыр. Тағы да бұрындары партияда жоқтар депутат бола алмайтын, ендігі жерде ол мәселені шешкелі отыр. Яғни,

Референдум жайы сөз болды

және Республикада түрлі лауазымды қызметтер атқарып, елімізге еңбегі сіңген азамат. Қазіргі таңда Парламент мәжілісінің депутаты. Бүгін ауданымызға келіп, аудан ардагерлерімен және жастармен кездесіп, алдағы өтетін Референдум жайын сөз етуді, өздеріңізбен пікірлесуді жоспарлап отыр. Теріскей жұртының қандай ұсыныстары, сауалдары мен талап тілектері бар екен, көңінен және ашық форматта әңгімелесуге ниет білдіріп отыр. Ендеше, алғашқы сөз кезегін Парламент депутаты, қоғам қайраткері Дархан Мыңбайға берейін!»

Дархан Мыңбай: «Ал, жасы үлкен ағалар, інілер! Біріншіден, өздеріңізді хош көрдік! Екіншіден, мынау кешегі пандемия кезінде қаза болған барша жақындарыңыздың қазасы қайырлы болсын! Үшіншіден, өздеріңізге мәлім болғанындай, еліміздің егемендігін алғанына 30 жылдан астам уақыт өтті. Осы 30 жылдың ішінде жеткен жетістігіміз де болды, кеткен кемшіліктеріміз де болды. Кейде осы дамыған өзге елдердің жүрген жолын өзімізге мысал қып жатамыз. Дегенмен, әр елдің маңдайына жазылған жүретін жолы болады. Дүниеге келген баланың өзі бірден жүгіріп кетпейді, әуелі отырады, еңбектейді, кейін жүреді және жүгіреді. Осы себептен де өткенге оралғаннан гөрі өздеріңізбен болашақ жайында сөйлесек, пікірлесек деймін. Хабарларыңыз бар, бүгінгі қолданыстағы заңдарымыз соңғы рет сонау 1995 жылы қабылданған екен. Әйтеуір жақсылы-жаманды күні бүгінге дейін ел мүддесі үшін жұмыс істеп келді. Ал енді, қазіргі таңда Референдум өткізуді жоспарлап отырсақ, демек, бұған қажеттілік бар болғаны. Осы ретте, Маусым айының 5 күні өткізілгелі отырған Референдумның нәтижесінде қолданыстағы заңның 33 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алға мақсат етіп қойып отырмыз. Қазір қоғамда көптеген азаматтарымыз, оның ішінде жастар ақпараттың барлығын әлеуметтік желілерден алғысы келеді. Әрине, мұның дұрыс емес жақтары да бар. Олай дейтінім, әлеуметтік желілердегі ақпараттың барлығы бірдей шынайы бола бермейді. Ал, газет-журналдарға мейлінше шынайы, фактімен расталған ақпарат жазылады. Осында, аразында журналист әріптестеріміз де отырған шығар. Менің бұрнағы жылдары Корей еліне іссапармен барғаным бар еді. Сондағы (БАҚ сласындағы) әріптестерімнен: «Сіздерге газетке жазылу жағы қалай, тираждарыңыз төмендеп кетті ме?» деп сұрадың. Сонда олар: «Жоқ, керісінше газетке жазылу бізде жоғары деңгейде. Әрине, ғаламторға да жүгінеміз, әлеуметтік желілерден де қажетімізді аламыз. Дегенмен, көбінесе сол БАҚ-қа

көбірек сүйеніміз!» деп жауап қайырды. Айтайын дегенім, ертең өткелі отырған Референдум жайында республикамызға танымал барлық ресми газеттерге мақалалар жазылып, түсіндірме жұмыстары жүруде! Білесіздер, күні кешеге дейін елімізде суперпрезиденттік басқару орын алды. Оның да жоғарыда айтқанындай, өз артықшылықтары мен кемшіліктері болды. Алайда, сол уақыттарда басқарудың осы түрі керек болған шығар. Бірақ, өмір, уақыт өзі көрсетіп берді, әлемдік тәжірибеде биліктің үш тармағының тең болмағаны жерде әділетті қоғам құру мүмкін еместігін. Сосын, біздің қазақ халқында да ежелден биліктің бірнеше тармағы болған ғой. Мәселен, хан-сұлтандар, би-шешендер институты болды және әрқайсысының атқаратын өз функциясы болды. Десек те, сол билік тармақтарының барлығының да көксегені елдің, ұлттың мүддесі еді. Атап айттар болсам, бір ғана Бұқар жыраудың өзі 9 бірдей ханға кеңесші болған екен. Сол, Бұқар бабамыз өзінің саналы ғұмырын тек қазақ халқының игілігіне арнаған ғой. Одан бөлек, біздің қазақтың үш жүзін билеген атақты үш биіміз

Президент тағайындайтын болды. Сондай-ақ, Мемлекет басындағы адам мұнан былай ешбір партияға төраға да, мүше де болмайтын болды. Тағы да бұрын саяси партия құру үшін сол кездегі заң бойынша 40 мың адам, кейіннен, 20 мың адам қол жинау керек болатын. Ал енді, мына референдумнан соң 5 мың қол жинаса саяси партия құра беретін болып отыр. Тіпті, маған салса одан да төмен түсірер едім. Өйткені, саяси партияларды көбейту деген, бас салып билікке қарсы шығатын оппозицияны қалыптастыру емес. Керісінше, сол партиялардың бәсекелестігі арқасында елге қызмет ететін білімді де білікті, кәсіби саяси тұлғаларды шығару. Егер, біз сол саяси партиялардың құрылуына мүмкіндік беріп, саяси аренаға шығармасақ, онда ол адамдар ертең сол Парламентте айтпаған ойларын, дастархан басында, көшелерде, әлеуметтік желілерде отырып айтатын болады. Нәтижесінде, билікке қарсы радикалды көзқарастағы топтарды қалыптастырып алуымыз мүмкін. Тағы да мынау әкімшілік ресурстарды бір ғана партия пайдалансын деген болмайды. Ел ішінде: «мәселе сайлаудың қалай өткенінде немесе дауыстың

ендігі жерде 30 пайызы мөжаритарлық, 70 мандаттық жүйемен сайлайын деп отырмыз. Ал енді, облыстық және аудандық мәслихаттар сайлау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағыдай мөжаритарлық жүйемен өтеді. Бірақ, бұл орайда бірі алаңдаушылық бар, ол біздің қазақтың ежелден қанына сіңіп кеткен ру, тайпа болып өз ағайынын сайлап алу. Міне, осы жерде кісінің руына, жүзіне қарағанды қойып, оның білімі мен білігіне және кәсібилігіне қарағанымыз дұрыс, егер ел боламыз десек. Сол үшін өздеріңіз секілді ауыл ақсақалдары: «Әй балдар! Бұлай руға, жүзге бөлінгенді қойыңдар!» деп, жөн сілтеп отырғандарыңыз жөн. Енді ағайын! Мынау, өзгеріс енгелі отырған 30 баптың бәрін санамалап отырудың қажеті жоқ шығар. Сөзімнің соңында айтарым, барлығымыз бірауыздан 5 Маусым күні еліміздің ертеңі үшін маңызды болған референдумға барып дауыс берейік!»

Мұнан әрі, ауданымыздың ақсақалдары мен жастары көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, талап-тілектерін айтып, алдағы өткелі отырған референдумды қолдайтындықтарын білдіріп жатты. Атап айттар болсам, Аманбек Мұсабеков, Бүркіт Арынбеков, Әбіләкім Азнаев, Пардабек Сақтапбергәнұлы, Әубәкір Сақиұлы және Қабылбек Еспенбетовтер: Аудандар мен ауылдарда кадр тапшылығы қатты білініп отырғанын, осы кадр тағайындау рулық көзқарастарды ысырып қойып, маманның білім-білігіне, кәсібилігіне қарауды жоғары жаққа жеткізу керектігін; Бұдан былайғы жерде әділетті, ашық қоғам құру қажеттігін; Әйел-аналардың зейнет жасын төмендету; Қазақ тілін ғана мемлекеттік тіл ретінде қалдыру; Өндірісті аудан болғандықтан, жергілікті халыққа экологиялық төлемді 50-60 пайызға көтеру, Жастарымыздың өндіріс орындарына жұмысқа тұруының үлес салмағын арттыру, Кәсіпорындардың барлығының дерлік бас ғимараттарын Нұрсұлтан мен Алматыдан Созақ ауданына көшіріп келу, Уран өндіруден түскен пайданың бір бөлігін аудан бюджетіне қалдыру жайын мәжіліс депутатына мәселе етіп қойдық. Дархан Қамзабекұлы бұл айтылған мәселелердің барлығын да орынды деп тауып, көбісінің ертеңгі қабылданатын референдум аясында өз-өзінен шешімін табатынын. Шешімін таппағандарын да Парламент қабырғасында көтеруге уәде беріп қалды.

Сонымен, 1 сағатқа созылған кездесу де мәресіне жетіп, екі тарап бір-біріне ақжол тілеп, қош айтысты және естелік болып қалсын деп, суретке түсті.

Данияр БЕК.



болған. Міне, сол кісілердің барлығының да ойлағаны тек өз жүздерінің ғана емес, керісінше, үш жүзден құралатын барша қазақтың қамы болған. Ал енді, Президентіміздің мына референдумды өткізудегі мақсаты, сол суперпрезиденттік басқаруды жойып, биліктің құзырын парламентке, сотқа және жергілікті билікке беру болып отыр. Мәселен, бұрындары облыс әкімдерін президенттің өзі тағайындай беретін болса, бұдан былай облыстық мәслихаттар екі бірдей адамның кандидатурасын ұсынып,

да қалай берілгенінде емес, керісінше, сол дауыстың қалай саналғанында» деген сөз бар еді ғой. Сосын мынау, орталық сайлау үйінің жұмысын оңтайландыру, ашықтандыру қажет. Облыс, аудандардағы аумақтық сайлау учаскелеріне дейін осы үрдісті алып бару керек. Сол сайлау учаскелерінде жұмыс жасайтын азаматтарымыздың білім-білігін, кәсібилігін арттыруымыз қажет. Сонымен қатар, алдағы уақытта біздің Парламенттің де құзырын кеңейтейін деп отыр. Мәселен, бұрын Есеп Комитеті деген болатын

«Бақытты болашақ үшін: адал ұрпақ, парасатты азамат, ашық қоғам»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституциялық реформа-өткізуі бұл Жаңа Қазақстанның жарқын болашағына жасалып жатқан бетбұрыс, қоғамды демократияландыру деп айтуға болады. Жаһандандыру процесі қоғамдық қатынастардың жаңа форматын қалыптастырып отыр. Сол себептен де, Президент еліміздің саяси жаңғыруын, билік тармақтары арасында өзара қарым қатынастарын оңтайландыруды көздейтін жаңа реформа бағдарламасын ұсынып отыр. Онда жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру көзделген. Осы мақсатта Созақ аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік, әлеуметтік тапсырысы негізінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» және «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту» бойынша «Құлыншақ Кемел-ұлы атындағы шығармашылық бірлестік» қоғамдық бірлестігі ауданның барлық ауыл округі тұрғындары мен мемлекет басшысының саяси реформасы жөнінде сабақтар жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тақырыбы бойынша Шу, Тасты және Жуантөбе ауыл округтерінде сабақ лекция және ашық форматта өткізіліп тыңдаушылардың қызығушылығын тудырды. Тыңдаушыларды қызықтырғаны қоғамдық формацияның түрі және өмір сүру тәсілі туралы дискуссия болды, жабық және ашық қоғам дегеніміз не деген сұрақтардан басталды. «Жабық» қоғам дегеніміз – догматы, жеке басқа табыну, мемлекет жаңғырусыз ілгері қозғалусыз тұрып қалдыруды білдірсе, «Ашық» қоғамда жаңа саяси реформа көздегендей өзара сынға ерік беретін демократияшыл қоғам орнығады. Ол елдің әлеуметтік экономикасының көтерілуіне он ықпал екелетіндігі түсіндірілді. Ал Қаратау, Қарағұр, Созақ ауыл тұрғындарымен кездесу кезінде Сыбайлас жемқорлықтың мәні мен мақсаты туралы сұрақ жауаптар көтерілді. Өйткені мұнда қоғам мүшелерінің мәдениеті, моральдық-адамгершілік этикалары, олардың құқықтық сауаттылығы, мінез құлқын қалыптастыра отырып мүдделі қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілік екені айтылды. Ол үшін әлбетте жемқорлықты еңсеру бойынша қазыреттерді дамыту, адамгершілікті басты бағыт ете отырып жемқорлыққа төзбеушілік оны болдырмау шараларын қабылдау екені мәлім. Сонымен қатар, Сызған ауыл округі мен Таукент кентінде, жүргізілген сабақта азық-түліктің қымбатшылығы, субсидия бөлуде әділетсіздікке жол беретінін, кейбір шаруалар мал шаруашылығын өсіріп отырғандарға су шетің құдық қазып беру, бұл жөнінде мемлекеттің тарапынан қарастырылған субсидиялар шаруаларға қол жетімді бола бермейді, жемқорлық орын алғандай. Сыбайлас жемқорлық деген адамдар-

дың адуындағы арсыздығы, олардың қылмыстық қызметінің нәтижелері адамгершілік құндылықтарының құнын жоюды және қоғамның ұстанымдарын әлсіретеді. Өйткені лауазымдық дәрежедегі тұлғалардың қоғам алдындағы құндылығын түсіруі мүмкін. Сыбайлас жемқорлықты елдегі адамдар әділетсіздік деп негізгі түрде қабылдайды. Егер адамгершілік ережелердің кешені жұмыс істемесе, қоғам азындаған, ал мемлекет- әлсіз болады яғни оның болашағы жоқ. Сыбайластықтың қауіптілігін елемей әртүрлі тәртіптің шығындарына әкеледі. Экономикалық шығынға, халықаралық аренадағы беделін жоғалтудан бөлек кез келген мемлекеттік қылмыстық идеологияны тарату проблемасына ұштастырады. Ең-қауіптісі, белгілі бір топтың бай тап өкілдерінің санасында тоғышарлық элементтерінің тамыр жаюымен шамадан артық тұтынуға ұмтылуын бағаламау болып табылады.

Бұл кемістік адамдардың санасында өзіндік мінез-құлық қалыптастырады.

Сол себептен де конституциялық реформаның негізгі бағыттары осындай келеңсіз жағдайларға қарсы тұра алатын жаңа өкілетті құрылымдарды енгізуді басты мақсат етіп отыр. Құмкент, Жартытөбе және Шолаққорған ауыл тұрғындарымен жүргізілген сабақ барысында Сыбайлас жемқорлық қай кезеңдерден басталған, неден туындайды деген сұраққа? Сонау ежелгі Вавилон заманынан бастау алғандығын дерек көздерінде кездесетіндігі ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотель өз еңбектерінде парақорлық қоғамның экономикалық, саяси және рухани өмірінің күйретушісі деп бағалағандығы түсіндірілді. Аристотель мемлекетті тұрақты ету үшін кез келген заңдар лауазымды адамның пайда таба алмайтындығын етіп құру керек деген. Яғни, сол заманда пара алған сотты өлім жазасына кескен.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппараттың туындауымен қатар пайда болған, оған бір былыққан адамдар қылмысты батыл жасай береді, олар қылмысын пара түрінде көшіріп аламын деп ойлайды, үміттенеді.

Ал ауыл жастары бұл мәселеге бейжай қарай алмайтынын білдірді.

Сыбайлас жемқорлық жас ұрпақтың болашағына түсіретін қауіпіне алаңдайтынын, жемқорлық санаға, тұрмыс пен қызметтік жұмысқа терең тамыр жайған зұлымдық екені, билік басындағы адамдардың жүзеге асыратын қылмыстық әрекеті деп білетіндерін, олардан жастар тәлім-тәрбие алатын ештеңе жоқ екенін көтерді. Сондықтан да мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың билік тармақтарын реформалау жөнінде Конституциялық өзгерістері жөніндегі ұсыныстарын толық қолдайтындықтарын білдірді. Ол үшін ашық қоғамды демократиялық тұрғыдан дамыту керектігі, адамгершілік тамыр жайған қоғамда заңдар

сақталады жемқорлар өзін қолайсыз сезінеді, олар өзінің қылмыстық әрекетін жүзеге асыра алмайды, бұған адамдарды моральдық тұрғыдан тәрбиелеу арқылы қол жеткізуге болатындығы айтылды. Бұл жерде айтпағымыз сыбайлас жемқорлықты көріп тұрып ауыз ашпау адамдардың құқықтық саясаттын сенбеушілігін туғызады және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына көмектеспейді. Аудандық ішкі істер бөлімі мен аудандық ауырухана қызметкерлерімен кездесу сабағында, сыбайластыққа ұрынған елдердің арасында Қазақстанда бар екені ал кейбір Сингапур, Дания, Швеция, Жаңа Зеландия мемлекеттері сыбайластыққа ұрынбаған таза ел қатарында екені айтылды. Бұл елдерде қызметкерлер жылына жүз сағат сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сабақ оқиды екен. Бұл елдерде барлық мемлекеттік қызметтер бір терезе қағидасына көшкен. Сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениеттік тәрбие беруде отбасының тәрбиесі оның ролі аса маңызды өйткені қоғамдық дамудың индикаторы. Отбасылық құндылықтарды, дәстүрді, мәдениетті, өмір салты мен дүниетанымдық ұстанымдарды көрсетеді. Бұл диалектикалық өзара байланысы ақырында отбасын қоғамдық әлеуметтік институты ретінде түсініміздің негізін құрайтындығын белгілі тарихшы Дүйсенбек Ниязәлі бірқатар мысалдар келтіріп өтсе, заңгер Е.Асқаров қылмыстың алдың алу жөнінде профилактикалық шараларды баса айтты. Десекте бүгінгі күні жасыратыны жоқ тәрбие аясында адалдық, ар-ұят, сатылмаушылық сөзіне беріктік сияқты құндылықтар күші әлсіз қолданылады. Себебі көбі адал, парасатты болу пайдалы емес, кейде бұл қасиеттер жеке өмір сүруіне кедіргі келтіреді деп санайды. Елден бөтен болғысы келмейді, осыдан барып сана мен мінез қалыптасады, сенімге селкеу түседі, яғни халық дәстүрлері мен салтында тарихи және мәдени тамыры бар деген ой орнығады. Алайда мұндай тұжырымдармен келісуге болмайды, ешбір ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер адамды сыбайлас жемқорлыққа итермелемейді.

Пара беру мен алу әрқашан моральдық этикалық нормалар мен халықтың түсінігіне қарама қайшы келетін әлеуметтік зұлымдық ретінде қабылданған.

Сондықтан да ар-намыс пен адами абыройын сақтау халықтың шынайы өмір сүруі мәні екенін ұмытпаған дұрыс. Абай адал еңбек идеясын, адамға табиғаттың берген сыйы деп бағалаған. Ал білім мен мәдениет, қоғамның әлеуметтік құндылықтары. Мұның бәрі бақыттың болашағы. Жас ұрпақтың болашағына сергек қарайтын, ұлттық тәрбие беруде тәжірибесі мол Асқаров Мыңжасар елдің ынты-

мағы мен бірлігімізді сақтау бәрінен де қымбат екеніне тоқталды. Жалпыұлттық бірлік, тұрақтылық–біздің табан тірейтін тұғырымыз, ал бірлік баға жетпес байлығымыз, ынтымақта-са жаңғыру – келешекке жетелейтін жарқын жолымыз. Осы үш ұғым мемлекеттің тұтастығына тірек бола алады. Қазақта «Ынтымақ болмай іс оңбас», «Ынтымақ жүрген жерде, Ырыс бірге жүреді» дейтін бабалардан қалған нақыл сөз бар. Шындығында татулығы жарасқан жарасқан елге ешқандай қауіп-қатер төнбейді. Бізде 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұратын елде ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтап, нығайту басты міндет екеніне тыңдаушылар баса назар аударды. Шынымен де, кәзіргі таңда бірқатар мемлекеттердің тұрақты дамуына діни және этникалық жанжалдар айтарлықтай қауіп төндіріп отырған кезде Қазақстанның даму саясаты мұндай мәселелерді жүйелі түрде шеше білуге қабілетті екенін көрсетуде.

Еуроодақтағы этносаралық қақтығыстың алдын алу теориясын, тәжірибесін зерттеген ғалым Э.Стюарттың айтуынша, қақтығыстар-көбін мемлекеттер арасында емес, мемлекеттердің өз ішінде тұтанып отырған. Этноссына, дініне не ұлттына байланысты репрессиялық әрекеттер кикілжіңдердің туындауына себепкер болған. Сондықтан, ерте қағу жүйесі ең алдымен әр елдің өз ішіндегі конфликт индикаторларына саяси экономикалық және әлеуметтік жағдайға байланысты шиленіс туындайды. Ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бері уақыттарда жүзеге асырылып жатқан ішкі саясат Қазақстан қоғамында ұлтаралық ынтымақтастық пен халықтар достығының көркейіп дамуына қолайлы жағдай тудырды. Бүгінгі республикамыздағы діни конфессиялар мен ұлттар, ұлыстар арасындағы қарым-қатынастар отандас халықтардың шынайы достық пейілдерін паш етеді. Тәуелсіздік жылдарында өзінің серпінді күш-қуатымен әлемдік интеграцияға бет алған Қазақстан өзге мемлекеттерді қол жеткізген жетістіктерімен таң қалдыруда.

Төртеу түгел болса төбедегі келері хақ. Сан ұлттың мекені болған мемлекетіміздің алар асуы алда.«Байлық-байлық емес, бірлік байлық» дегендей, расында Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуында «бірлік» категориясы ең құндылық болып табылады. Бірлігі бекем елдің болашағы нұрлы, келешегі кемел. Бүгінгі Отанымыздың жетістігі-әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің XXI ғасыр жаңа дәуір ол «Жаңа Қазақстан» деуі ел тарихындағы біз аяқ басқан жаңа дәуірдің кемел келбеті.

Мыңжасар АСҚАРОВ,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері.

Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде 2022 жылдың 21 мамыр күні мектебіміздің /1998 жылы бітірген/ түлегі Қайратұлы Елнұрдың «Төгіледі жүрегімнен жырларым» поэзиялық жыр кеші болып өтті. Кеште Елнұрдың өлеңдері мен мектеп оқушылары композициялық қойылып жасап, ақын өмірінен жазылған «Қасқыр ұлыған түн» әңгімесінен қойылым қойылды. Кешке ақын, жазушы, халықаралық ақындар айтысының жүлдегері Бәрібай Оразымбет, «Жігіттер» квартетінің әншісі, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері Ердоқ Қанаев, сазгер, әнші Гүлжанат Мұхамеджан, әнші Гүлжанна Гибатоллақызы, «Өлең-сөздің патшасы» ақындар шығармашылық бірлестігінің басшысы, халықаралық жазушылар Одағының, Әлем Халықтары жазушылар Одағының мүшесі, ақын, жазу-

“ТӨГІЛЕДІ ЖҮРЕГІМНЕН ЖЫРЛАРЫМ”



шы Омархан Алтынбекұлы Даутов, сазгер Айзада Бекенқызы, Роза Есенгелдиева, Құралай Төлебекова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, Бүкіл Әлемдік

Шығысхан академиясының құрметті академигі, жазушы, аудармашы Оралхан Хожамжаров секілді айтулы азаматтар, сонымен қатар, Елнұр Қайратұлының анасы мен от-

басы, сыныптастары: Кәріпбаева Шынар, Есжанова Гүлмира, Батыр Элмира Батыр, Жартыбеков Қанат, Инкарбеков Әбдісамат қатысып, кештің шырайын келтіріп, ән мен жырға бөледі. Қайратұлы Елнұр 1981 жылы 24 қарашада Алматы қаласында дүниеге келген. 1998 жылы Тәкен Әлімқұлов атындағы лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті тереңдетілген сыныбын бітірген. 2006 жылы Алматы қаласында Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Тау-кен факультетінің «Пайдалы қазбаларды ашық әдіспен игеру» мамандығын тәмамдаған. 2004 жылы ҚазҰТУ-дің 70 жылдығына орай шыққан «Қос ішек» жинағына өлеңдері еніп, Универси-

теттің «РАС» газетінде бірнеше өлеңдері жарық көрген. 2018 жылы Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтан «Жомарт жүрек» номинациясы бойынша дипломмен марапатталған. 2020 жылы «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық бірлестігінің «Абай» және «Шолохов», 2021 жылы «Янги Овоз» Халықаралық жазушылар одағының «Мықты қаламгер» төсбелгілерімен марапатталған. 2021 Шымкент қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Өркендей бер, өр елім!» прозалық шығармалар байқауының ынталандыру сыйлығының иегері. Республикалық бірнеше онлайн жыр мұшайраларының жүлдегері. Қазіргі таңда «Казатомпром-SaUran» ЖШС-нің «Рудник Таукент» филиалының өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші менеджері болып қызмет атқарады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Дәстүр мен діннің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасуы үшін де атқарар маңызы өте зор. Дін—адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр—ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мәселен, еліміздің ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы, батырлық пен ерлік дәстүрін тудырған. Қазақ—ұлттық дәстүрге ерекше мән беретін халық. Ғасырлар бойы ұлтымыздың мәдениеті салт-дәстүрлерімізден көрініс табады. Ата-бабаларымыз салт-дәстүрді берік ұстанып, әдет-ғұрыптан аспай, ырым-тыйымдар арқылы өнегелі ұрпақ тәрбиеледі. Бүгінде беташар, сыңсу, құйрық-бауыр, сырға салу, сундет той т.б. салттарымыз

се, оның меселін қайтару орынсыз саналған. Мұны үлкен кісілер жақсы біледі. Содан болар, аналар, әжелер, жас келіншегі бар үйге дәмепіп қалар деп қашан да қалтасына дәм-тұзын сала жүреді.

Енді бір ғұрып бар, «күйеу аяқ» деген. Бұл жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша енесін қошеметпен өз үйіне апарып салады. Ата-енесі күйеу баласына ірі мал атайтын болған. Түйемұрындықты да көпшілік біле бермейді. Ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары керуен атының ноктасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алғандар риза болып, бақыт тілеп, батасын беріп, жол болсын айтады.

Ал, қыз қашар дәстүрін бүгінгі күні ешкім атап өтпейді, тіпті

лайды. Бұл «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел тәбарік сұрайтын болған. Күйеу жігіт келіншегін алып, үйлену тойы өткен соң келісілген уақытта өзі қатарлас жас жігіттермен ата-енесінің үйіне келеді. Мұны халық әдебиетінде күйеудің алғаш, яғни есік аша келуі дейді. Демек, бұл жауапкершілігі мол, бұрын ел-жұрт көрмеген күйеуді сынайтын келіс. Күйеу бұл жолы да кәде жорасымен, әдет-салтымен келеді. Әзілқой жеңгелердің сын-мініне де шыдайды. Ретін тауып жауап та бере алады. Ойын-тойсыз, әзіл-қалжыңсыз отырмайтын қазақ ауылы үшін күйеудің есік аша келуі де көңілді мерекеден кем болмайды. Мұнда да үлкенкіші бір жасап қалады. Келесі кәде—«жігіт түйе». Құдалық, отау көтеру дәстүрінде қыз өсірген

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар

әлі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. Қазіргі жастарымыз кейбір салт-дәстүрлерімізді біле бермейді. Оның себебі неде? Бәлкім, жастарымыз тарихқа қызықпайтын шығар? Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпыз. Дегенмен де, ондай жастар қазір мүлдем кездеспейді деу шындыққа да жанаспайды.

Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа... Расында кез-келген ұлттың өзіндік салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, өзіне тән ұлттық бояуы болады. Мәселен, қытай елін белін жазбай еңбектенетін, әрі жаза басқандарды аямайтын ел десек, жапондарды темірдей тәртіпті ұлт деп жатамыз. Ал қазақтар ше? Осы қазақтар қандай дегенде, алдымен қонақжайлылығымыз есімізге түсіп, мақтанатынымыз бар. Шынында, қазақ—кешеден кенпейіл, қонағын Құдайындай сыйлаған халық. Одан бөлек, ата-бабамыздан қалған ырым-тыйымдарымыз да жетіп артылады. Олардың біршамасы ұмыт болса, кейбірі өзгеріске ұшырап, заманға лайықтандырылды. Біздер сол ұмыт болған құндылықтарымызды қайта еске түсіріп, түгендеуге тырыстық. Міне, бүгінгі тақырып осы жайында болмақ. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты 2020 жыл халыққа Жолдауындағымына сөздері мысал бола алады: «Қазіргі міндет—халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек» дегені өзекті мәселе.

Қазақтың жадынан шығып қалған дәстүрлері мен ырымдарын еске түсірсек. Бұрынғы алтыбақан мен ақсүйек ойынын айтпағанда, азды-кемді атап өткенімізбен ұмытылып бара жатқандары да баршылық. Айталық, дәмепіп деген ырымды білесіз бе? Білмесеніз айтайық. «Дәмепіп сары майдан кеуден құрысын» деп келетін халық әнін құлағыңыз естіген шығар? Сол өлең жолында айтылғандай, дәмепіптің де көптеген түрі бар. Әсіресе, жас келіншектердің дәмепіпін орны бір басқа. Жас балалар мен келіндер ата-енелері қонақтан келсе, олардан тәтті дәмепіпін әдеті бар. Әсіресе, балалы жас келіндер дәмепіп

білмейді десек, артық айтқандық емес. Ертеректе, қыз қашар дәстүрін өткізетін үйді «болыс үй» дейтін болған. Күйеудің келуін «ұрын келу» десе, қыздың атастырылған күйеуін көруі «қыз қашар» дейді. Бұл «ұрын тойы» өтетін күні болады. «Ұрын той»—жастар үшін көңілді, думанды тойлардың бірі. Бұған жас жеңгелер мен жастар қатысатын болған. Күйеуден алынатын «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрепе қимылдатар» сияқты кәделері осы жиында жасалатын көрінеді. Екі жастың бірін-бірі көріп, тілдеуі де осы тойда болады. Екеуі де бірін-бірі ұнатып, қалыңдық жігітке қыз белгісі орамалын және оның іні-қарындастарына да түрлі сыйлықтар береді. Күйеу ұрын барғаннан кейін құдалық бұзылатын болса, сол заманда өте ауыр іс болған.

Балдыз қалыңды да жұрт жадынан шығарды. Кейде ұзатылатын қыз қайтыс болған болса, сол үйдің екінші қызын алуға рұқсат етілген. Егер ер жігіт қалыңдығына ұрын барып, ол үйдің басқа қызы болмаса, төлеген малдың жартысы қайтарылатын болған. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғының үстіне «балдыз қалың» төлеуге тиіс. Оған түйе немесе бір тоғыз қосылып отырған. Балдыз қалың деген осыдан қалған.

Енді бір ескіден қалған құндылығымыз—қапқа салар. Қалыңдығын алуға келген күйеу барлық жөн-жоралғыларымен, яғни құдалық кәделерімен, үлкендерге арналған сый-сияпатымен, той малымен келеді. Қыз өз үйінен аттанар алдында оның әкесі барлық құдаларға кит кигізеді. Күйеу баласына да сыйлық береді. Бірақ ол кит емес «қапқа салар» деп аталған. Ол бағалы киім, қымбат ер тоқым, жігіт жарақтары немесе мал болуы әбден мүмкін. Әрине, бұл қайын атаның дәулеті мен жомарттығына, мырзалығына, абырой-беделіне сай жасалатын дәстүр. Енді бір салт—атбайлар. Бұның екі түрі бар. Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын, туыс оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген жүректарды тілек айтады, байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. Мұның аты—«атбайлар». «Атбайлардың» екінші түрі—кәде. Құда-құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын бай-

ата-ана еңбегі де елеусіз қалмаған. Той үстінде күйеу жігіт енесіне «сүт ақы» сыйын ұсынса, атасына «жігіт түйе» деген сый әкеледі. Бұған міндетті түрде түйе, жағалы киім немесе қымбат бұйымдар, ер тұрман әкеледі. Атасы риза болған жағдайда қол жайып, батасын береді.

Бағзыдан жеткен тағы бір дәстүр—«өлі-тірі» деп аталады. Бұл екі жақ кеңісімі нығайған соң, күйеу жағынан құдаларына бір білікті адамды бас етіп «өлі-тірі», яғни кәделі мал жылқы жіберіледі. «Өлі-тірі» деген «өлі мен тірі арасында адалмыз, құдай қосқан құдалығымыз ақиқат» дегенге саяды. Бұл—үлкен кәделі, әрі маңызды жөн-жоралғы, құдалық бекіді деген сөз. Жас келіндердің «жарысқазанға» түсетін әдемі бір ырымы да бүгінгі тұрмыстан шығып қалды. Мұны көбіне әйелдер босанар сәтте жасайтын болған. Яғни, жүкті әйелмен бірге өзге келіншектер қазанға жеңіл-желпі тамақ істеп, оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып жарысады. Халық ұғымы бойынша тұатын бала «жарысқазанға» қатысып, одан бұрын өмірге келуге тырысады деген ұғым бар.

Қорытындылай келе қазақтың бұдан басқа да салт-дәстүрі, ырымдары жетіп жатыр. Бұлардың көпшілігін білмейтін, мүлде сақтамайтын болдық. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпсыз ел әдепсіздік пен берекетсіздікке салынады. Сондықтан ел абыройын бір сүйемге жоғарылатып, дәуірін мейіріне қандыратын, барлық дерттен тазартатын шипалы ем секілді пайдалы, озық салт-дәстүрлерді сақтауда әр адам енжарлық таныспауы тиіс. Ал осы ғасырдың талаптарына сай келмейтін ырым-тыйымдардың жойылуы жүрекке шаншудай қадалса да, бұл өсиеттер «ұмытылуға тиіс дәстүрлер» кемесіне мініп, «тарих» теңізінде жүзе береді. Әрине, бұл сөзімізге көпшілік «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп ақталуы мүмкін. Десе де, қазақ қалпынан айырылып, батыстық той үлгілерімен мейман куту орынсыз, қалай десек те. Сондықтан да ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, ұлықтағанымыз жөн болар.

А.ЖӘЛЕЛ,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ «Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің» дінтанушы маманы.

Діни экстремизм мен радикализмнің өзара байланысы

Экстремизм ол шеттеу, артық кету сияқты сөздерінің мағынасы. Экстрим деген сөзді алатын болсақ ол адам өміріне қауіпті болатын іс әрекеттер, идеялар болып есептеледі. Яғни экстремизм олда сол мағынаға келеді, бірақ экстремизмнің мақсаты немесе ерекшелігі ол жалпы тәртіпке мойынұсынбайтын, өз пікір, ойымен ғана іс-әрекет жасайтын адам десекте болады. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсе қызығарлыққа, бейімделген көзқарастан пайда болады. Яғни тек менің ғана дегенім немесе пікірім болу керек деген сияқты. Бұл ең алғашқы этаптарының бірі болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреулерді көре алмауы, түсінбеуі, немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Тағы бір ерекшеліктері олар дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдарға мүлдем қылақ аспайды және олар өздерін ең кіршіксіз деп санап, басқаларды адасқандар деп есептейді. Міне осындай адамдардың зардабынан әлемде қаншама қантөгіс пен төңкерілістер орын алууда.

Радикализм дегенұғым қазіргі уақытта түбегейлі, түбірімен өзгерту, алмастыру дегенді білдіреді. Радикализм ұғымы ең алғашында әлеуметтік мәселелердің түп тамырына жетуге деген ұмтылысты сипаттау үшін қолданылған, негізі радикализм және экстремизм деген екі ұғым бір-біріне ұқсас, жақын болып келеді.

АҚШ-та болған 2001 жылғы теракт яғни жарылыс мұсылмандарға қара дақ жағумен қатар, батыстықтар арасында мұсылман радикалистер деген ұғым пайда болып, әлемге тарап кетті. Экстремизм, радикализм және терроризм бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр. Саясатта белгілі бір бағыт ретінде экстремизм радикалды көзқарастарды жүзеге асырудың түрлі әдістерін ұстанады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Өзінің қауіпті тәжірибесінде экстремизм, радикализм және терроризммен тығыз байланыста. Осы мағынада «радикализм» және «экстремизм» терминдері жиі бір-бірінің орнына қолданылады. «Радикализм» ұғымы қазіргі кезде түбегейлі (радикал) өзгерістерге бағытталған саяси идеялар мен әрекеттердің жиынтығына қатысты жиі қолданылады. «Радикализм» термині бастапқыда әлеуметтік мәселелердің түп-тамырына жетуге деген ұмтылысты сипаттау үшін қолданылған, дегенмен қазіргі уақытта ол әлеуметтік жағдайды түбегейлі (түбірлі) өзгертуге бағытталған саяси идеялар мен әрекеттердің жиынтығына қатысты жиі қолданылады.

«Радикализм» мен «экстремизм» ұғымдары негізінде бір-бірімен синонимдес ретінде жиі қолданылады.

Осы уақытқа дейін экстремизм немесе радикализм деген сөздерді естімеген халықты жоқ деп айтуға да болады.

Интернет беттерінде Қазақстандағы және шетелдегі діннің жағдайы, оның ішінде экстремизм, радикализм туралы көптеген ақпараттар бар. Бұл мәселенің жаһандық масштабқа ие болғанын көрсетеді. Қазақстан көптеген конфессиялар мен ұлттар тату-тәтті өмір сүріп жатқан мемлекеттердің қатарына кіреді, сондықтан діни экстремизм елімізде де айналып өткен жоқ. Өкінішке орай, Қазақстанда әсіресе соңғы жылдары лаңкестік әрекеттерді жастар—радикалды деструктивті ағымды ұстанушылар, өздерін ислам дінінің өкіліміз деп санайтындар жасауда. Бірақ айта кететін жайт, діни экстремистер мен лаңкестердің барлығы қай дінде болмасын нағыз қылмыскерлер, олардың дінде еш қатысы жоқ, өйткені ислам діні зорлық-зомбылыққа, өлтіруге шақырмайды. Мұндай қылмыскерлер дін атын жамылып, өздерінің қылмыстық жоспарларын іске асыруда. Елімізде экстремистік заңға қарсы келетін діни ұйымдар бар, сол ұйымдардың ең бастыларының бірін айта кететін болсақ олардың ішінде Хиэбу-ут-тахрир, Таблиғи жамағат, сияқты елімізге зияны келетін діни экстремистік ұйымдар аз емес және Сәләфилік бағытыда бар, оларға елімізде нақты тыйым салынбағанымен қауіпті болып саналды.

Қорытындылай келе экстремизм мен радикализмнің өзара байланысы ол екеуі де адам өміріне зиян болып табылады, кез келген адамнан экстремизм немесе радикализм не деп сұрайтын болса олар синоним сөз болғандықтан адамдар бірден қорқыныш, шектен шығу, үрей, адам өлтіру, бүлік шығару және т.б ойлар туындайды. Барлығының түпкі мағынасы бір жерге алып келгендіктен, олардың өзара байланысы көп болып саналады.

З.АЛМАХАНБЕТОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелер зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Асқа шақыру

Шолаққорған ауылының тәрғындары болған, марқұм әкеміз **Шама Отыншыұлының 113 жылдығына және анамыз Мотай Амандыққызының 100 жылдығына** орай еске алу мақсатында **3 маусым күні қонақасы, 4 маусым күні сағат 10-00-де** күрестен еске алу турнирі, сағат 12-00-де еске алу, құран бағыштау асына шақырамыз. Қонақасы, ас Нәзір Төреқұлов көшесіндегі өз шаңырағында өтеді. Еске алу турнирі аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде өтеді. Ағайын-туыс, құда-жекежат әке-шешеміздің көзін көрген замандастарын ас ішінде болуға шақырамыз.



Асқа шақырушылар: Отыншы әулеті.

Қазақ күресінен ересектер арасында өтетін түйе палуандық белдесу Шама Отыншыұлының 113 және Мотай Амандыққызының 100 жылдығына орай еске алуға арналған аудандық турнирдің ЕРЕЖЕСІ

1. Жарыстың мақсаты

-Аудан көлемінде қазақ күресін насихаттау, дамыту.
-Спортшылардың шеберлігін арттыру.
-Ересектер арасында спорттық байланысты, достықты нығайту.

2. Жарыстың өтетін уақыты мен орны

Жарыс 2022 жылдың маусым айының 4 жылдысында Шолаққорған ауылындағы спорт мектебінің залында өтеді. Жарыстың басталуы 10-00-де. Жарысқа 70кг жоғары салмақ дәрежесіндегі ересек палуандар қатысады.

3. Жарысқа басшылық жасау

Жарысқа жалпы басшылық жасау спорт мектебі бекіткен төрешілерге жүктеледі.

4. Жарыстың өту тәртібі

Жарыс қолданып жүрген қазақ күресі ережесі бойынша өтеді.

5. Марапаттау

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері медаль, мақтау қағаздарымен марапатталады және жеңімпаз болға палуанға ұтысқа өгіз тігіледі.

**Ұйымдастыру алқасы
Отыншиевтер отбасы.**

Асқа шақырамыз

Шолаққорған ауылының тәрғыны ардақты да аяулы әкеміз, немерелерінің сүйікті ата-асы, ақ пейілді азамат **Белбатыров Аманбай Әбілқасымұлының** өмірден озғанына қырық күн толуына байланысты, рухына құран бағыштап берілетін қырық күндік асына шақырамыз.

Тағдырға амал барма көнесің де, Бейнең қалды өшпестей ел есінде. Отбасылық думаның басталғанда, Мініп кеттің келместің кемесіне.

Таусылып тірліктегі дәм-тұзың,

Ағып түстің аспандағы жұлдызым-дей отырып марқұм Белбатыров Аманбай Әбілқасымұлының рухына бағыштап Шолаққорған ауылы Молдағұлова көшесіндегі өз шаңырағында **3 маусым күні, сағат 19:00-де қонақасы, 4 маусым күні, сағат 12:00-де қырық күндік асы** беріледі.

Ас берушілер ұл-қыздары, Белбатыровтар әулеті.

Асқа шақырамыз

Тасты ауылының тәрғыны, адал жар, аяулы әке, **Диланов Біржан Қалиұлының** өмірден өткеніне жылдың жүзі болды. Артында бес ұл, бір қызы, жан жары қалды.

Тағдырға амал барма көнесің де,

Бейнең қалды өшпестей ел есінде.

Отбасылық думаның кеп басталғанда,

Мініп кеттің келместің кемесіне.

Таусылып тірліктегі дәм-тұзың,

Ағып түстің аспандағы жұлдызым.

Жоқтағанмен уақыт, тоқтамайды,

Сағынар асыл жарың мен бауырың-дей отырып марқұм

Диланов Біржан Қалиұлының әкеміздің рухына бағыштап Тасты ауылы Бауыржан көшесіндегі №10-шы үйдегі өз шаңырағында **3 маусым күні қонақ асы (18-00 де), 4 маусым күні (12-00-де) өтетінін жылдық асына** ағайын-туыс, құда-жекежат, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

**Асқа шақырушылар:
ата-анасы, жары, ұл-қыздары.**



Жоңышқа дақылы құрғақшылыққа төзімділігімен ерекшеленеді. Оның тамыр жүйесі топырақты терең бойлап, төменгі қабаттардағы суды сіңіре алады. Ұзаққа созылған қуаңшылық пен құрғақшылыққа кейбір өсімдіктер тіршілігін жояды, ал жоңышқа өсуін тоқтатып жапырағы құрап түседі, бірақ тіршілігі жойылмайды, ауадан жауын-шашын түскеннен кейін қайта

көп қажет етеді. Бұл жазғы аптап ыстыққа тура келеді. Сондықтан да суармалы жағдайда жоғары сапалы мол тұқым алу үшін уақтылы суару тиімді шара. Жоңышқа тұқымының пісіп-жетілу мезгілі біркелкі емес, бұл көбінесе климат жағдайына байланысты өзгереді. Ауа райы қолайлы жылдары гүлдерінің тозаңдануынан бұршақтарындағы тұқымның толық пісуі 26-34 күн,

десетін негізгі зиянды жәндіктер: жоңышқа бізтұмсығы немесе фитонемус, жоңышқа қандаласы, жоңышқа шіркейі және жоңышқа көбелегі. Ескі жоңышқа танаптары зиянкестермен көп зақымдалады. Сондықтан да жаңадан себілетін алқаптарды ескі жоңышқадан алыс орналастыру қажет. Жоңышқа зиянкестеріне қарсы химиялық күресті бір шаршы алаңдағы зиянкес саны

Жоңышқа дақылының ерекшеліктері

көгереді.

Тұқым түзілуіне қажетті температура +25- 32 С. Жоңышқа тұқымының өнімділігіне күн сәулесінің түсуі ерекше әсер етеді. Жауын –шашынды жылдары немесе бұлтты күндері көп тамыз айларында жеткілікті мөлшерде жарық түспегендіктен гүлдеу кезеңі созылады немесе дән түзілмейді. Сондықтан да біздің жағдайымызда жоңышқаның екінші және үшінші жылғы, екінші орымын тұқымдыққа қалдыру тиімді.

Жоңышқа өсімдігі жарық сүйгіш, қуаңшылыққа төзімді болғанымен, топырақ ылғалдылығы артқан сайын өнімділігі арта түседі. Оңтүстік өңірінде жоңышқа тұқымы ыстық-суыққа ұрынған емес. Жоңышқаның гүлдеп, тұқымның толысып пісу кезеңдерінде ылғалды

ал ауа райы салқын жауын-шашынды жағдайда пісу мерзімі созылады.

Жоңышқа топырақ талғамайтын өсімдік. Топырақты өңдеу жұмыстары сапалы жүргізіліп, ылғалы жеткілікті танапта тұрақты мол жоңышқа шөбі мен тұқымын алуға болады.

Тұқым шаруашылығын дұрыс ұйымдастыру жоғарғы көрсеткішке жетудің негізгі факторы болып табылады. Тұқымды себу, танапты мұқият баптау және күту, сонымен қатар уақтылы жинау жұмыстарын тиімді жүргізу қажет. Тұқымдыққа қалдырылған танап арамшөптерден таза болуы тиіс. Жер асты суы жақын аймақта жоңышқаның шөке өсу деңгейі қарқынды, нәтижесінде тұқым сапасы төмендейді.

Жоңышқа егістігінде кез-

1-2 жәндіктен асқанда, сондай-ақ жоңышқа сабағының биіктігі 12 см түзілгенде ҚР рұқсат етілген инсектицидтердің біреуімен өңдейді.

Жоңышқаны шөпке және тұқымдыққа кезектеп қалдыру тиімді тәсіл. Мұндай жүйеде танаптың фитосанитарлық жағдайы жақсарады, яғни аурулармен залалдануы және зиянкестермен зақымдалуы төмендейді, сонымен қатар карантиндік арамшөптермен күрес жүргізуге мүмкіндік туындайды.

**А.УАЛИЕВ,
ҚР АШМ АӨК МИК-нің
Созақ аудандық ау-
мақтық инспекциясының
өсімдіктерді қорғау
және крантині
жөніндегі мемлекеттік
инспекторы.**

Сарып-қауіпті, жұқпалы ауру!

Бруцеллез-бруцеллалармен шақырылатын қоздырғышы әртүрлі механизммен берілетін, клиникасында созылмалы қызбамен, қимыл-қозғалыс аппаратының, жүйке жүйесінің, жүрек-қан тамыр жүйесінің, зәр шығару жүйесінің және т.б жүйелердің зақымдалуымен жүретін, созылмалыға ауысуға бейім, инфекция-аллергиялық, зоонозды инфекциялық ауру. Brucella тұқымына 6 түр кіреді: Br.melitensis- Қазақстанда жиі кездеседі. Br.abertus, Br.suis, Br.cauris, Br.neotomae Шар тәрізді, грам «-», эндотоксин бөліп шығарады, S-форма түзеді, сыртқы ортаға кең төзімді. Барлық жерде кең таралған. Инфекция көзі: ұсақ мүйізді, ірі қара мал, шошқалар, маралдар және адамдар. Таралу механизмі: фекальды-оральды. Берілу жолдары: қатынас арқылы (зақымдалған тері) Алиментарлық ауа-шаң (аэрогенді). Көбінесе малшылар, шопандар, ауыл тәрғындары ауырады. Ол ыстық көтеріліп, қалтырап дірілдеуден басталуы мүмкін, бірақ әдетте бірте-бірте, тез шаршау, әлсіздік асқа тәбеттің болмауы, бастың, асқазанның, бауырдың ауыруы формасында өрбиді. Ыстықтың көтерілуі жеңіл және ауыр формада болуы мүмкін. Түстен кейін қалтырап-дірілдеу және ертеңгісін малшынып терлеп қалу бұл ауруға тән белгі.

Бруцеллезден сезіктенсеңіз дәрігерден кеңес алыңыз, өйткені көп жағдайда бұл аурумен басқа ауруларды шатастырады, ал емдеу үшін көп уақыт та, қаржы да шығын болады. Қайна-тылған немесе пастерленген сүтті ішіңіз. Бруцеллез тараған жерлерде қайнатылмаған сүттен дайындалған ірімшікті жеуден тартынған жөн. Ауру малдарды бағып-күткен кезде аса сақ болыңыз, әсіресе сіздің денеңізде жырылған немесе тілінген жер болса.

Ветеринария қызметкерлерімен кеңесіңіз, қолыңыздағы малдың денсаулығын қадағалап отырыңыз.

**Қ.АҚҚҰЛИЕВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының
эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің
басшысы.**

Жұмақ болсын, соңғы тұрақ мекенің...

Қарақұр ауылының тәрғыны, ардақты жар, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Нұржанбаев Ұлан Өсімханұлының** дүниеден өткеніне де жылдың жүзі болып қалды. Ақкөңіл бауырымыздың нұр бейнесі жүректерде мәңгі сақтаулы. **Сағыныштан жүрек тулап алқынды, Жылай-жылай көздің жасы сарқылды. Сұм ажал кеп жалмап кетті мәңгіге, Жоғалттық біз дәл өзіңдей алтынды.**

Жүрүші ең ылғи пана боп дос пен бауырға, Сыйлы болған ең, ағайын-туыс ауылға.

Ақ жүрегің бар да артыңда қалған ұрпағың, Аласармайды еш мәртебең биік тауыңда.


Қимаымыз сені бәрібір құрғыр өлімге, Жаның Жәннәтте шалқысын жұмақ төрінде.

Дұғада жүрміз бәріміз ішпей күрсініп,

Құран бағыштап аламыз жиі көңілге- деп, бауырымыз Ұлан Өсімханұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекежат, дос-жаран, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 6 маусым күні (5 маусым – қонақ асы) Қарақұр ауылындағы өз шаңырағында беріледі.

**Асқа шақырушылар:
Ата-анасы, бауырлары,
достары.**



Жартытөбе ауылына қарасты Баба-та ауылында өткен «Ардагер жолы-дара жол» атты еңбек адамдарын, оның ішінде бабталық еңбек майталманы, Ленин орденінің иегері, комсомол жастар бригадасының бригадирі Өксікбай Нұрділдаевты еске алу шарасына аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бас болып келді. Сондай-ақ аталмыш шараға осы шараны ұйымдастырушы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Жексенбайұлы Сапаров, ауданның ауылдары мен елді мекендеріндегі ардагерлер ұйымының төрағалары, ауыл әкімі Болат Есенқызыл қатысып, өнегелі шараның өзегінен табылды. Шара барысында Өксікбай ағамыздың бауырлары, аға-қарындастары, ағайын-туыстары, жиендері мен келіндері қатысып отырды. Мәншүк Маметова атындағы жалпы орта мектебінің басшысынан бастап, өнерпаз оқушылары мен ұстаз-

Құлмағанбеттен Тұртай, Әбубәкір, Раушан, Рахия, Ұлтуған атты ұл-қыздар тараза, Нұрділдадан Өксікбай, Мәдібай, Гауһар, Іңкәр, Жауһар есімді ұрпақ тараған. Небәрі 16 жасында Бабата ауылындағы іргелі мал шаруашылығына араласып, қолына шопан таяғын ұстап, еңбек жолын бастайды. Әкесі Нұрділда соғыс ардагері. Сонау миллиондарды жалмаған зұлматтан аман-есен елге оралып, жұбайы Күмісжанмен бірге 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкені Гауһар, одан кейін Өксікбай, Іңкәр, Жауһар және кенжесі Мәдібай. Анасы Күмісжан ферманың байырғы тұрғыны. Айналасына сыйлы адам еді. Ол. 1930 жылдан бері фермада әртүрлі жұмыста істеді. Қай жұмыста болса да, үнемі абырой-атаққа ие болды. Оған омырауындағы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі айғақ.

Жартытөбе совхозындағы 2 ферманың атақты шопаны Өксікбай Нұрділдаев 1964 жылы отарындағы 700



ас ішінде болды. Өсердің ауылдағы ата-әжелеріне деген арнайы сый-сияпаты да бар екен. Тектілік тұқым қуады, тектіден текті туады деген осы шығар.

Өксікбай ағаның рухына!

Қайран есіп ағаларды ер деп білем,
Күш қайраты тасыған еңбекпенен.
Аманатқа адал боп өмір кешіп,
Есімдерін бабаның кірлетпеген.
Бұл Бабата шежіре, киесі бар,
Рухтарды тербеген иесі бар.
Біз білетін, білмейтін тұстарымен,
Терісі мен тарихтың күнесі бар.
Біле білсең, бауырым, біле білсең,
Талай адам созақтық соғыста
өлген
Өксікбайдың әкесі Нұрділдада,
Талай боздақ секілді соғыс көрген.
Нұрділданың ағасы Құлмағанбет,
Жан еді өте биік парасаты.
Адамдық, адалдық пен өр мінезі,

Ұлы еңбек билеп тұрсын сананы

дарына дейін осы шараның көркі мен ажарын қыздыра түсті.

Сондай-ақ алдын ала жасалған күн тәртібіне орай жиылған көпшілік қауымға, оның ішінде ауыл жұртшылығына 5 маусым күні өтетін республикалық референдумға жаппай жұмыла қатысуға шақыра отырып, ол сайлаудың маңызы мен мақсатын да түсіндіріп өтті. Және де Бабата ауылдық ардагерлер бастауыш ұйымының төрағасы Садық Әбдірашұлының жылдық есебін де тыңдап өткенді жөн санапты. Аталмыш шараға қайта оралсақ, Өксікбай Нұрділдаев 1937 жылы құт қонған Қаратаудың баурайын жайлаған Созақ ауданы «Жартытөбе» совхозы Баба-ата елді мекенінде дүниеге келген. Балалық шағы осы қасиетті мекенде өтті. Бабата ауы-

саулықтың әр жүзінен 172-ден төл алса, 1965 жылы оны 185-ке жеткізді. Сөйтіп, облыстық рекорд жасады. Еткен еңбек, төгілген тер ақталды да, 1966 жылы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Ленин орденімен наградталды. Сол кезде аудан бойынша ең алғаш наградталған Өксікбай Нұрділдаев болатын. Сондай-ақ сол жылы партия мүшелігіне қабылданды. Халық ақыны Құлжабай Төлеуов шопанның еңбегіне риза болып былайша жырға қосты:

Алқабы, атырабы малға симай,
Қой, сиыр, түйе, жылқы – ер қанаты.

Көкжоны, Үшбас, Сарытау, Көсегелім,
Сазыңа бауырымды төсегенмін.

Өксікбай Нұрділдаев, аға шопан,
Арналды менің саған осы өлеңім.

Қойлы ауыл шағаладай айдындағы,
Аспанда күн күлімдеп, ай нұрланды.

Шопандар, сақпаншылар жас төл күткен,
Қапталты Қаракөлге жайлылымдарды.

Қыр мұрын, сары жігіт ұзын бойлы,
Салмақты, мінезі ауыр терең ойлы.

Ақпейіл, жайдары ашық өр кеуделі,
Шопан жүр Көктөбеде бағып қойды.

Қол алды амандасып, күле қарап,
Көңпейіл айдай жүзі ашық қабақ.

Қырындап төңірекке көз жіберді,
Сапалы он саусақпен шашын тарап.

Келеді Өксікбайым айтып сырды,
Өзінің отарына ертіп жүрді.

Жүз қойдан жүз сексеннен қозы алған,
Ақ үйдің алты қанат кересі,

Алаша-кілем тұтқан көнересі.
Шайы көрпе, мамық жастық, ақ төкмет,

Жаюлы дастарқанның берекесі.
Домбыра, радио, кітаптары,
Жайылған кең столға мұның бәрі.

Тәрізді үй ішінде барлық бақыт,
Осындай жас шопанның өмір сәні.

Еңбегінің еленіп, еш кетпегеніне шопан да қуанды, ел үшін еңбек етуді азаматтық парызы санады. Үкімет берген сый-құрмет оған екі есе жауапкершілік жүктегенін ұғынды. Таңның атысы, күннің батысы, білекті түріп, белді бекем буып жұмыс істеді. Әрине, тастай қараңғы меңіреу түнді, алдыңнан соққан қарлы боран мен үскірік желді, түстіктен түйіле шыққан қою қара бұлтты, шелектеп төгілген нөсерді, лапылдаған ыстық ауаны, қой торыған аш қасқыр мен қарақшы, ұрыны ұмытып, қой баққан оңай тірлік емес еді. Шопан атаның құтты таяғын жарты ғасырдан астам уақыт ұстаған, бар ырыс-несібесін момақан қойдан тапқан Өксікбай Нұрділдаевты халқы да көзі тірісінде абырой атаққа бөледі, мерейін үстем етті. Әлбетте, ердің әр тірлігіне өз жәрдемін беріп, демеп отырған, шаңырақтың берекесін кіргізіп, ұйытқысына айнала білген Роза жеңгейдің де еңбегі зор еді. Ерлі-зайыптылар 2 ұл-

Тұғырдай тұлғасына жарасатын.
Нұрділданың жан жары Күмісжаны,
Көздерінен көрінер ұғысқаны.
Кетпен шауып, бидай орып күні-түні.

Еңбекпенен ататын ұлыс таңы.
Ұлы еңбекпен қарыштайды елдігім.
Еңбектегі ерлігі үшін медалі
Айғақтайды ер мен әйел теңдігін.

Өксікбайы, Мәдібайы, Гауһары,
Инабатты Іңкәрі мен Жауһары.
Екі ұлы мен тете өскен үш қызы,
Балалармен атады ана бал таңы.

Сол Өксікбай ұл еді өзі өрелі,
Болашағын зор еңбектен көреді.
Он алты да отан сүйген бозбала,
Бар қайратын туған елге береді.

Мәскеу барды, Жоғары Кеңес барды,
Таңдантты жап жас шопан талай жанды.

Ленин орден жарқырап кеудесінде,
Осылайша есіп ердің бағы жанды.
Бүгін міне бүкіл ауыл адамы,
Еске алады сағынышпен ағаны.

Әне анау Көсегелі, Көк жонда,
Өксік аға малын жайып барады.

Туған ауыл көркін көріп ғажайып,
Көрген жанның қос жанары талады.
Жатқан жерің жаннат болсын жан аға,
Ұлы еңбек билеп тұрса сананы,
Еңбек жолың тарих болып қалады!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі.



лындағы шағын мектепке барып білім алды. Ол еңбекке жастай араласып, ерте есейді. Аз-кем ата-бабалар шежіресіне кері оралсақ. Әу баста Райым бабадан үлкені Құлмағанбет, кішісі Нұрділда атты екі ұл дүниеге келеді.

Алаша-кілем тұтқан көнересі.
Шайы көрпе, мамық жастық, ақ төкмет,
Жаюлы дастарқанның берекесі.
Домбыра, радио, кітаптары,
Жайылған кең столға мұның бәрі.



ды тәрбиеледі. Тағдырдың қатал сыны да осы шығар, Өксікбай Нұрділдаев 1998 жылы мәңгілік мекеніне аттанды. Екі ұлы да өмірден ерте озды. Бірақ қалың елі, халқы барда асыл ердің есімі өшпейді, ел есінде мәңгі сақталады. Ұрпағын жалғастырушы Нұрділдаев Өсер Абылайұлы анасы Мерей екеуі Алматы қаласынан атасының құтты мекеніне арнайы келіп,

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.